



БҮЙРЫҚ

П Р И К А З

19.08.2023ж

Осакаровка к.

№277

пос.Осакаровка

**Осакаров ауданының
жалпы орта білім беру ұйымдарының
оқушыларын ыстық тамақпен
қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021 – 2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай – ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» 17 ақпандағы № ҚР ДСМ – 16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және 2023 жылғы 3 тамыздағы №1 жұмыс тобының хаттамасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1.Осакаров ауданының жалпы орта білім беру ұйымдарына:

- 1) 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1 – 4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5 – 11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.
- 2) Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай – ақ үестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін.

- 3) Білім беру ұйымдары тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет – ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етілеін.
- 4) Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі М. Турабековаға жүктелсін.

Басшы



А.Ақмағанбетова